

## **АНДАТПА**

**Абдрахим Мирас Еркінұлының «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасыр басындағы Жетісу облысындағы қазақ шенеуніктері: қалыптасуы мен құрылымы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**Диссертацияның сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының аймақтық әкімшіліктік құрылымының бірлігі болған Жетісу облысының қазақ шенеуніктері корпусының қалыптасуы мен құрылымы проблемасын зерттейді.

**Тақырыптың өзектілігі.** Бүгінгі таңда Қазақстандағы шенеуніктік мәселесі бойынша оның қалыптасу процесін, құрылымын, өңірлік ерекшеліктерін ғылыми зерделеу қажеттілігі туындады. Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізіп отырған әкімшілік реформалар олардың XIX-XX ғасырлардағы тарихи өзгерістерін зерделеуге және олардың қазіргі кездегі көріністерімен салыстыра зерделеуге қызығушылықты арттырады. Шенеуніктік құбылысын жаңадан зерттеу қажеттілігі біздің әлеуметтік стратификация туралы идеяларымызды байытудан туындайды. Кеңестік тарихнамада шенеуніктік мәселесі дәстүрлі түрде әлеуметтік стратификацияның таптық теориясы тұрғысынан қарастырылды. Шенеунік, ең алдымен, тәуелсіз қабат ретінде емес, ақсүйектік «санаттың» құрамдас бөлігі ретінде талданды. Әлемдік тарихнамадағы зерттеулер ұзақ уақыт бойы тек саяси аспектілерге назар аударды, ал олардың арасында орталық пен периферияның өзара әрекеттесуі, билік органдарының жұмыс істеуі және элиталардың қалыптасуы маңызды орын алды. Бүгінде қазақ шенеуніктігі мәселесін жаңа ұстанымдар мен тәсілдерден зерттеу қажеттілігі туындап отыр, ал оның негізінде ескі империялық стереотиптер мен тарихнаманың жаңа мифтерінен босату және басқару мен үстемдік етудің ерекшеліктерін, тәсілдері мен модельдерін ашу міндеті жатыр.

Нақты тарихи-географиялық аймақтың тарихы контекстінде жергілікті басқару жүйесінде қызмет еткен қазақтардың бейімделу стратегияларын, жеке уәждерін және мансаптық перспективаларын егжей-тегжейлі зерделеу ерекше өзекті екені рас. Осыған байланысты XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басында Жетісу облысының әкімшілік жүйесі құрамындағы қазақ шенеуніктерінің қызметін зерттеу өзекті және маңызды болып табылады.

**Зерттеу жұмысының нысаны ретінде** 1867 жылдан 1917 жылға дейін Ресей империясының басқару жүйесінің құрамында әкімшіліктік бірлік ретінде болған Жетісу облысының тарихы қарастырылады.

**Ал зерттеу жұмысының пәні** – Ресей империясының отаршылдық басқару аппаратында мемлекеттік қызметте болған әр түрлі дәрежедегі қазақ шенеуніктері болып табылады.

### **Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері.**

Диссертацияның мақсаты – XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басында Жетісу облысының аумағында қазақ шенеуніктері корпусының қалыптасу ерекшеліктері мен әрекет ету құрылымын зерттеу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін келесідей **міндеттер** қойылады:

- зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілерін белгілеу;
- «шенеунік», «бюрократ» және «қызметші» терминдерін зерделеуде әдіснамалық тәсілдерді жүйелеу;
- әлемдік және отандық гуманитарлық ғылымдарда осы проблеманы зерделеу ерекшеліктерін ашу;
- тарихи дереккөздердің түрлерін анықтау, сипаттама беру
- Жетісу облысының қазақтарын жергілікті басқару жүйесіне қызметке қосу тетіктерін көрсету;
- қазақ халқы үшін жергілікті басқару жүйесіндегі лауазымдар топтарын және қызмет жағдайларын бөлу;
- қазақ шенеуніктерін жергілікті басқару буындарына даярлаудағы зайырлы оқу орындарының рөлін бағалау;
- Жетісу облысы қазақтарының Ресей шенеунігінің құрамына кіруінің ішкі және сыртқы себептерін жүйелі әдіспен айқындау;
- уездік бастықтардың кіші көмекшілерінің қызметіне тарихи баға беру;
- постколониализм теориялары контекстінде облыстың қазақ аудармашыларының әлеуметтік-мәдени портретін ашу;
- Жетісу облысындағы болыстық жүйенің ерекшеліктерін Копал уезінің болыстарының мысалында белгілеу;
- облыстың халық судьяларының жергілікті басқару жүйесіндегі рөлін көрсету.

**Зерттелу деңгейі.** Зерттеу тақырыбындағы тарихнама төрт топта ұсынылған. Бірінші топқа революцияға дейінгі кезеңнің еңбектері кіреді, онда негізінен орыс шенеуніктері Түркістан генерал-губернаторлығының тарихы бойынша түрлі оқиғаларды зерттеді, солардың ішінде XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басында Жетісу облысындағы жергілікті басқару жүйесіне қазақтарды қосудың жекелеген сәттері көрініс тапты.

Екінші топқа кеңес дәуірі тарихшыларының ғылыми еңбектері кіреді. Осы уақытта зерттеушілер тарихи құбылыстар мен оқиғаларды коммунистік идеология тұрғысынан қарастырды және XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ шенеунігінің қалыптасу тақырыбы арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Негізінен, жоғары деңгейдегі ресейлік шенеуніктік мәселесі зерттелді. Үшінші топ қазіргі кезеңдегі отандық зерттеулерден тұрады, оның ерекшелігі зерттеу өрісі мен аналитикалық тәсілдерді кеңейту болды. Бұл кезеңде алғаш рет XIX – XX ғасырдың басындағы қазақ шенеуніктерін зерттеу қажеттілігі туралы сұрақ қойылды. Төртінші топты империялық кезеңнің Орталық Азия тарихы мен мәдениеті бойынша маманданған және ұсынылған мәселе бойынша жекелеген аспектілерді енгізген шетелдік ғалымдардың зерттеулері құрайды.

Тарихи әдебиеттерді талдау Жетісу облысында XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ шенеуніктігінің қалыптасуы бұрын жеке тақырып ретінде зерттелмегенін көрсетті.

**Мәселенің деректік негізі.** Жетісу облысындағы қазақ шенеунігі мәселесі бойынша дереккөз базасы өте алуан түрлі.

1. Осы тақырып бойынша негізгі дереккөз ретінде Қазақстан Республикасы (Алматы), Өзбекстан Республикасы (Ташкент) және Ресей Федерациясы (Санкт-Петербург) орталық мұрағат қорларынан алынған мұрағат материалдары болады.

2. Дереккөздердің екінші тобын заңнамалық құжаттар, атап айтқанда Ресей империясының Заңдарының толық жинағы құрайды.

3. Дереккөздердің келесі тобы – статистикалық сипаттағы материалдар. Оларға Ресей империясының алғашқы жалпы санағы (1897), Ресей империясының ішкі істер министрлігінің орталық статистикалық комитетінің құжаттары кіреді.

4. Дереккөздердің төртінші тобына ресми анықтамалық кітаптар, шолулар, адрес-күнтізбелер және Мемлекеттік қызмет қатарында болған азаматтардың тізімдері кірді. Олар тиісінше Верный, Омбы және Ташкент қалаларында жарық көрді.

5. Дереккөздердің бесінші тобына 1908 жылғы 18 маусымдағы ерекше жарлықпен Түркістан өлкесінің ревизиясын басқарған Граф Константин Константинович Паленнің есептері кіреді. 1908-1909 жылдары жүргізген ревизиясының нәтижесінде К. Пален өз есептерін 19 кітап түрінде шығарды (1910) және келесі жылы тағы бір кітап жариялады.

6. Деректік негіздің алтыншы тобына «Семиреченские областные ведомости», «Туркестанские ведомости» және «Слово» мерзімді басылымдарының материалдары жатады.

7. Дереккөздердің жетінші тобы қазіргі кезеңде жарияланған құжаттар жинағынан құралды.

8. Қоғамның «ішкі» дауысын естуге мүмкіндік беретін халық ауыз әдебиетінің материалдары тарихи дереккөздің келесі түрін құрайды. Қазақ даласында ақын-жыраулар өздерінің шығармаларында белгілі бір тарихи құбылыстар мен оқиғаларға өз көзқарастарын білдіріп, қазақ көшпелі қоғамының күнделікті өмірінің эмоционалды бейнесін жеткізе білді, ал бұл тарихи оқиғалардың объективті бейнесін қалпына келтіру үшін құнды материал бола алады.

9. Келесі топты XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өкілдерінің (А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Жұмабаев және т.б.) Қазақ даласында болып жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістердің куәсі болған туындылары құрайды.

10. Дереккөз базасының соңғы тобына далалық жұмыс материалдары кіреді. Осы зерттеу жұмысын орындау барысында автор Танеке батыр мен оның ұрпақтары туралы мәліметтерді қамтитын бірегей қолжазбаларды тапты. Тарихта Танеке Дүсетовтің өзі және оның ұлдары Есімбек пен

Қожабек империялық басқару жүйесінің құрамында мемлекеттік қызметте болғаны белгілі.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы келесідей:**

- XIX және XXI ғғ. тоғысындағы тарихи және әлеуметтік білімнің теориялық-әдіснамалық кеңістігіндегі басты ағымдар мен бағыттардың ауысу реттілігі анықталды;

- Қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік шындығын тарихи өлшеу контексіндегі «шенеуніктік», «қызметші», «бюрократия» терминдері мағыналарының параметрлері салыстырмалы талдау арқылы ашылып көрсетілді;

- Түсіндірме модельде империялық әкімшілік құрылымды құру және олардың жұмыс істеуі контекстінде қазақ халқының өкілдері үшін лауазымдар құру туралы мәселе ашылды;

- Жергілікті басқару жүйесіндегі лауазымдарға тартылған қазақтардың ішкі және сыртқы мотивтері туралы мәселені зерттеуде әлеуметтік психологияның талдаулық құралы қолданылды;

- Облыстағы отарлық оқу орындарының рөлі империялық биліктің «әлеуметтік инженерия» тұрғысынан қарастырылды;

- Алғаш рет облыстағы қазақтардан шыққан уезд бастығы кіші көмекшілерінің қызметтерінің ерекшеліктері ашып көрсетілді;

- Ғылыми айналымға қазақ аудармашыларының, болыстық билеушілері мен халықтық билерінің есімдері ғылыми айналымға енгізіліп, олардың әлеуметтік-мәдени портреттері құрастырылды.

**Қорғауға шығарылатын ғылыми тұжырымдар:**

1. Отандық және шетелдік тарихнамадағы «шенеунік», «бюрократ» және «қызметші» терминдерінің мазмұнын салыстырмалы талдау олардың айырмашылықтарының негізгі критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді.

2. Шетелдік тарихнамадағы «делдалдар», «коллабораторлар» немесе «информанттар» терминдерін талдау облыстың қазақ шенеуніктерінің делдалдық рөлін зерттеудің әртүрлі тәсілдерін ашады.

3. Жүйелі талдау әдісімен Жетісу облысындағы қазақ шенеунігі мәселесі бойынша тарихи дереккөздер XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында 10 топқа жіктелді. Олардың барлығы әртүрлі дәрежеде бірегей және құнды ақпаратты қамтиды.

4. Жетісу облысының әкімшілік жүйесінде қазақ халқының өкілдері үшін лауазымдар жүйесін қалыптастырудың ерекшеліктері ашылды. Төменгі деңгейдегі позицияларға, атап айтқанда болыстық басқарушыға, ауыл старшинасына және халық судьясына жергілікті халықтың өкілдеріне заңнамалық деңгейде кепілдік берілді. Алайда, іс жүзінде облыстағы қазақтар уездік бастықтың көмекшілері, уездік фельдшерлер, сондай-ақ басқарудың барлық деңгейлерінде аудармашылар лауазымдарын атқара алды.

5. Жетісу облысында зайырлы білімнің таралуымен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында айтарлықтай өзгерістер болды. Жетісу облысындағы қазақ шенеуніктерінің білім деңгейі өзгерді (негізінен мұғалімдер семинариясының, гимназиялардың, уездік орыс-түземдік

мектептердің түлектері), қазақтардың жергілікті басқару жүйесіндегі қызметі туралы түсініктері, сондай-ақ олардың мазмұны мен лауазымдарға орналасу талаптары өзгерді.

6. Жетісу облысында қазақтардың мемлекеттік қызметке кіруіне түрткі болатын себептері тарихи зерттеулерде кездесетін себептерге қарағандай әлдеқайда кең. Бұл себептер шенеуніктің жеке мүдделерін де, өз халқының мүдделерін де қамтиды. Әрине, әр түрлі мотивтер әр түрлі жағдайлар мен мүмкіндіктер аясында қалыптасты. Алайда, олардың барлығы қазақтардың Жетісу облысындағы басқарудың жаңа жүйесіне бейімделуін көрсетеді.

7. Уезд бастығының кіші көмекшісі лауазымы жергілікті элита өкілдерінің қызметтерінен бас тартып, оларды орыс шенеуніктерімен алмастыруға бағытталған кезеңде қолданылды. XIX ғ. 70 жылдары соңында империялық билік жергілікті қазақтардан сайланатын бұл лауазымнан бас тартып, оны жойды. Алайда әскери губернатордың ерекше тапсырмалар бойынша кіші көмекшісі қызметі 1917 жылға дейін сақталды.

8. Түрлі дереккөздер негізінде XIX-XX ғғ. тоғысында империялық билік жүйесінің ешкім ауыстыра алмайтын бөлшегі болған облыстың қазақ аудармашыларының тізімі жасалынды. Олардың әлеуметтік-мәдени бейнесі құралып, жергілікті халықпен қарым-қатынас ерекшеліктері сараланды.

9. Статистикалық талдау әдісімен Жетісу облысының алты уезінің аумағындағы қазақтың 142 болысын құру бойынша деректерді анықталды. 1867 жылдан 1918 жылға дейін қызметке тағайындалған болыстық басқарушылардың әлеуметтік сипаттамалары, олардың қазақ халқының білім алуына, болыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі және т.б. анықталды.

10. Халықтық судьялар жергілікті басқару жүйесіндегі империялық сот ісінің ерекше бөлшектерінің бірі болды. Олардың орайы келген жағдайда барынша тезірек болыстық билеуші болып тағайындалғаны немесе оларға барынша билікте ұзақ отыруына септігін тигізуге тырысқан әрекеттері анықталды.

**Зерттеу жұмысының апробациядан өтуі.** Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары конференция материалдары жинақтарында (2), ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (9), сондай-ақ Web of Science халықаралық мәліметтер базасына кіретін журналда (1) жарияланды. Барлығы – 12 мақала жарық көрді.

**Диссертацияның хронологиялық шеңберіне** Жетісу облысының Түркістан генерал-губернаторлығы құрамында құрылған 1867 жылдан бастап Ресей империясының 1917 жылғы құлауы кезеңіне дейінгі уақыт аралығы жатады.

**Диссертация құрылымы.** Бұл диссертациялық жұмыс кіріспеден, кемінде үш тақырыпшадан тұратын үш тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.